

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ  
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 3(19) шілде-қыркүйек 2019  
ISSN 2710-3994



**Бас редактор:**  
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызығыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтті Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**  
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**  
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**  
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**  
Қоңқабаева Арайлым

**Техникалық хатшы:**  
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокеебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумекев Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**  
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**  
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**  
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

**Технический секретарь:**  
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*  
*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkhitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**

Khumarzak Altynbek

ҒТАМР 03.20.00.  
ӘОЖ 92959 (574)

## **КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ: ТАРИХЫ МЕН ФОЛЬКЛОРЫ**

**Жолдыбаев О.М.**

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, кіші ғылыми қызметкер. Алматы қ.  
E-mail: zet.olji@mail.ru

**Аңдатпа.** Патшалық Ресей империясының тұсында жүргізілген саяси-әкімшілік реформаларға қарсы қазақ даласында ұлт-азаттық көтерілістер болды. Бұл үдерістің XIX ғасырда күшейе түскендігі баршамызға мәлім. Соның нәтижесінде қазақ халқы көптеген сындарлы оқиғаларды басынан кешкен еді. Сол уақыттарда Қазақстан территориясында жергілікті қазақ халқы өзінің тарихын, фольклорын мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін зерттеудің маңыздылығы зор. Бұл мақалада қазақ жерін сақтауды мақсат еткен ата-бабаларымыз бен даңқты қолбасшы, соңғы хан «Кенесары-Наурызбай» тарихи шындық баяндалады. Ғылыми мақаланың мақсаты – батыр бабаларымыздың ерліктерін тарихы мен фольклоры жағынан зерттеу. Осы мақалада Кенесары мен Наурызбайдың арасындағы оқиға айтылады. Сонымен қатар сол дәуірдегі ақын-жыраулардың, жыршылардың, айтушылардың, жеткізушілердің жырлары туралы мәліметтерді талдау болып табылады.

**Түйін сөздер:** ұлт-азаттық, қазақ халқы, қазақ даласы, Қазақстан территориясы, салт-дәстүр, ақын-жыраулар.

## **ИСТОРИЯ И ФОЛЬКЛОР ОБ ЭПОСЕ «КЕНЕСАРЫ – НАУРЫЗБАЙ»**

**Жолдыбаев О.М.**

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, младший научный сотрудник. г. Алматы,  
E-mail: zet.olji@mail.ru

**Аннотация.** В казахских степях против политических и административных реформ под властью Российской империи происходило национально-освободительное восстание. В результате казахский народ пережил много конструктивных событий. Необходимо изучить историю местных казахов, фольклорную культуру и традиции на территории Казахстана того же века. Эта статья рассказывает об истории наших предков и благородного полководца, последнего хана, цель которого - сохранить казахские земли. В этой статье рассказывается об эпосе «Кенесары-Наурызбай». Это также анализ событий той эпохи.

**Ключевые слова:** этнос, этимология, нация, казахский народ, казахская степь, территория Казахстана, традиция, поэты.

## **“KENESSARY-NAURYZBAY”: HISTORY AND FOLCLORE**

**Zholdybayev O.M.**

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, junior researcher, Almaty, Kazakhstan  
E-mail: zet.olji@mail.ru

**Abstract.** The national liberation uprising against Russian Empire's political and administrative reforms took place in the Kazakh steppes. As a result, the Kazakh people experienced many constructive events. It is necessary to study the history of local Kazakhs, folklore culture, and traditions on the territory of Kazakhstan of that century. This article tells the story of our ancestors and the noble commander, the last khan, Kenessary, whose goal was to preserve the Kazakh lands. This article tells about the epic "Kenessary-Nauryzbay". This is also an analysis of the events of that age.

**Keywords:** ethnos, Kazakh people, Kazakh steppe, territory of Kazakhstan, traditions, poets.

### Кіріспе

Қазақстан аумағында көптеген тарихи оқиғалар өткен. Тұран даланы аттұяғымен дүбірлетіп, сан мыңдаған жылдардан бері мекен еткен халықтар болған. Бертін келе біздердің ата-бабаларымыздың басына сындарлы кездер туды. Ол XIX ғасырдағы патшалық ресей империясына қарсы көтерілістер. Бұл көтерілістердің түпкі негізгі себебі бар. Қазақ даласының солтүстік-батысынан бекіністер салып, көшпенділердің мал жайылымдық жерлерін тарылта бастады. Соның нәтижесінде ел ашуға міне бастады. Бұлай дейтінімізге бірнеше себептер келтіруге болады. Неге десеңіз? Өзінің ата-қоныс мекендерінен айрылып, өзгегенің қолына қарауды жөн санамаған. Отарлаушы империяның саясаты қашаннан белгілі. Олар ең әуелі бекіністер мен қалалар сала бастайды. Артынан саяси тұтқыннан бастап, мыңдаған жұмысшы мамандар әкеледі. Одан соң отарланған өлкенің байырғы халқы ол жерде екінші орынға сырғиды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабында қазақ тарихына қатысты біршама ой айтқан. Онда: «Сонау алыс-жақын ғасырлардың өн бойында дала билеушілері аса қуатты империялардың қысымына және ішкі алауыздықтың дүмпуіне төтеп бере жүріп, ең басты байлығымызды – ұлттық тұтастық пен ұлттық жер аумағын сақтап қала алды. Мүмкін, олар дәл бүгінгі әсіресе терминді ұғымдарды ойлай қоймаған шығар, бірақ тарихта өз рөлдерін түсіне білген. Бүгін арадағы арқыраған ғасырларды артқа тастай отырып, біз сонау ұлы бабаларымыздың ұрпақтары, ешқандай күмілжусіз, күмәнсіз айта алмаймыз иә, олар ұлттық мүдде үшін қызмет етіп, өлшеусіз іс тындырып кетті» дейді [1, 223-б.].

Кенесары Наурызбай қазақ халқының басына біткен ең ірі ұлт азаттық көтеріліс басшысы болған. Олай деуімізге сол замандағы мықты, білікті ресей әскери қолбасшыларының пікірін келтіруді жөн санаймыз. Ресей әскери тарихының ірі маманы А.И.Иванин қазақ басшысының атына мынадай мақтау білдіреді: «әділдіктің орнауын талап еткен, Кенесары өлгенше ресейдің жауы болды, Сондықтанда оны «даланың соңғы батыры» деп атасам өз отанымның алдында күнәлі емеспін» деген [2].

Көтерілістер ұлы даланың әрбір өңірінде болып жатты. Тынышы кеткен жұрт, осы тұста халық арасынан шыққан тұлғаларға иек артты. Олай етпеске амалыда таусылған еді. Десекте, қазақ даласы арда ұлдарға кемде емес тұғын. Солардың бірі 1836-1838 жылдары кіші жүзде, Исатай-Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі. Сыр бойындағы Жанқожа Нұрмұхамедұлы басшылық жасаған қарсылық. Қазақ даласында 1837-47 жылдар аралығында ең өзекті барша территорияны түгелдей дерлік қамтыған көтерілісті Кенесары хан басқарды. Жалпы атап түсін түстей берсек шамамен Қазақстан аумағында патшалық ресейдің озбыр саясатына қарсы ірілі-ұсақты 500 тарта көтеріліс болған екен.

Жаңа біздер жоғарыда ел арасынан шыққан батыр тұлғалардың бір парасын ғана айттық. XIX ғасырда жұрт үшін жанын беріп, қасық қаны қалғанша шайқасқан батырларды қазақ халқы есте жадынан шығарған емес. Сондай аты аңызға айналған дарабоздардың ерлігі, атадан-балаға, ауыздан-ауызға, тарай берген. Бұның өзіндік сыры бар. Өйткені, сол оқиғаларды көзімен көріп, ішінде болған адам, өзінің ұрпағына жырғып, айтып жеткізіп отырған. Бастапқыда әңгіме, аңыз, жыр боп айтыла бастаған. Мәселен, бір Кенесары хан жайында ел арасында қаншама аңыз-

эфсаналық дүниелер көптеп кезігеді. Тіпті әр өңір оны өз бетінше айтуы мүмкін.

Талқылау. Кенесры-Наурызбай жырының фолкордағы көрінісі. Негізінен бұл жыр туралы жазылған ғылыми еңбектер, кітаптар мен мақалалар бар. Көптеген ғалымдарымыздың жазбаларының бағыты әр алуан болғаны рас. Қанша адам болса сонша пікір болары хақ. Әйтседе тарихи шындық біреу. Оны ешкім жоққа шығара алмасы анық.

Біздің назарымызға бірнеше фольклорлық еңбектердегі материалдар түсті. Дәлірек айтар болсақ, көрнекті фольклортанушы, Академик С.Қасқабасов пен Ж.Аймұхамбеттің «Қазақ фольклоры» атты кітабы. Бұл еңбектің, «XIX ғасырдағы қазақ фольклоры», - деген бөлімінде «Наурызбай ханшайым» атты атпен мақала жазылған.

Академик С.Қасқабасов осы кітапта: «Наурызбай-Қаншайым» жырының сюжеті жай ғана ойдан шығарылмаған, тақыр жерден тумаған, мұнда ертеден келе жатқан, бүкіл эпосымыз бен ертегімізде баяндалатын сюжет пайдаланылған. Ол сюжет – жігіттің ерлікпен үйленуі. Ежелгі ертегіде кейіпкер айдаһардан, немесе басқа бір дұшпаннан құтқарып, қызға үйленсе, қаһармандық эпоста батыр өз сүйгенін қалмақты, яки басқа жауды жеңіп алады. Ал, мына жырда ерлікпен үйлену сюжеті сәл өзгеріп, қаһармандықтан гөрі лирикалық бағытта баяндалған, бірақ соған қарамастан бұрынғы эпосқа тән классикалық композицияны сақтаған: батырдың бабасын, ата-анасын таныстыру, оның ерекше тууы, жастай ерлік жасауы, қалыңдық іздеп шығуы, қыздың еліне келуі, оның әкесімен (басқа біреумен) шекісуі, қызға үйленуі, сол жерде біраз уақыт мекен етуі, еліне қайтуы, келгенде (кейде) төтенше жағдайға тап болуы (елін дұшпанның шауып кетуі), т.с.с.», – дейді. [3, 189-б.]

### Әдістер

Мақаланы жазуда негізінен талдау, тарихи-фольклорлық салыстырмалы әдісі кеңінен қолданылған. Әсіресе қазақ халқының салт-дәстүрі, шаруашылығы, ұлттық-азаттық күрестері салыстырмалы түрде талданып, жүйеленіп жазылған.

### Нәтижесі

Жырдың басталуы – дәстүрлі пролог бойынша: Абылай «мұсылманға хан болып өтеді», Түркістанға бата қылып қойылады. Оның қалмақ әйелінен Қасым хан ерекше, қан шеңгелдеп, екі көзін қызартып, ашып, туады. Қасым хан өлген соң Кенесары хан болады.

Міне, бұрынғы эпостағыдай Наурызбайдың ата-тегі туралы баяндалып, олардың идеалды образы жасалады. Енді дәстүр бойынша болашақ батыр да ерекше жағдайда тууға тиіс: әулиенің қолдауымен, немесе күшті аңның (тотемнің) етінен, әйтпесе, күн сәулесінен, яки гүлден, т.б. Кейін кейіпкерлер әкесі өлген күні дүниеге келеді, бұл – ғажайып туудың өзгерген түрі, - делінеді. [3, 189-190-б.]

Көріп отырғанымыздай бастапқыда Абылай хан туралы айтылады. Оның хан болғандығы, талай жыл ел билегендігі турасында оқиға желісі өріледі. Расында да, ресми деректер бойынша Абылай 1771-1781 жылдары билік құрады. Оның алдыңғы кездегі ел арасындағы беделін айтпағанда. Нақытарақ баяндар болсақ, Абылай өз заманында, бейбітшілік пен тыныштықты орната білді. Осылай айтып келеді де, Қасым Сұлтан жайында баяндайды. Сұлтанның анасы қалмақ қызы екендігі айтылады. Сол уақытта «қатының болсын қалмақтан» деп ұрандатып тұрған кез еді. Бұлда тарихи шындық бір көрінісі, тіпті айға таңба басқандай белгі. Тарихта қазақ пен қалмақ соғысы болды. Нақ, жоңғарлар қазақ халқына көптеген жәбір көрсетті. Онымен қатар XVIII екінші ширегінде жер бетінен жойылып кетті. Міне осылайша айбынды Абылайхан дүниеден қайтқаннан кейін, Қасым хан болады. Одан соң билік тізгіні Кенесарыға көшті.

Әрбір батырдың жанында сенімді жауға шапқанда, дем беретін жолдасы, былайша айтқанда үзеңгілесі болады. Ол үнемі кеңесіп, керек жерде дем беріп отырады. Батырдың сенімді

серіктерінің функциясы жырларда қысылтаяң мезеттерде көзге түседі. Енді келесі мәтінге зер салайық.

Академик ғалым: «Наурызбай-Қаншайым» жыры олай тәмамдалмайды, трагедиямен аяқталады. Сұлулығына елдің бәрі таңырқаған Қаншайым өзінің қайын ағасы Кенесарының көзі тиіп, қайтыс болады. Наурызбай қатты қайғырады, жылап тұрып, қырық жігітке өзінің жайын айтады: «Ойлайсыздар, қырық жігіт, Бір қатынға қайғырып, Мұнша неге солды деп. Мен ойлаймын ісімнің Ырымы жаман болды деп... Қауіп қылып қатты қорқамын... Өмірім де менің қысқа деп». Айтса айтқандай, «онан соң тоғыз-ақ жыл өмір сүріп, жиырма бес жасында қаза жетті», – делінеді жырда. Міне, осы финал «Наурызбай-Қаншайым» жырына балладалық сипат беріп тұр. Қаншайымның өлімі жырдың сюжетін күрт үзіп, оқиғасын кілт тоқтатып тастаған. Одан кейін ешқандай оқиға баяндалмайды да, суреттелмейді. Тіпті, Кенесары өзіне, жолдастарына тоқтау айтып, «Мақұл көрсе Кенекем, қазаққа Қоқан қас дейді. Соған таман жетелік!» – деп ұрысқа шақырса да, сюжет әрі қарай дамымайды. Тек жыршы өмір туралы, оның өткінші екенін ескертіп толғайды да, Наурызбайдың қайтыс болғанын хабарлайды [3, 192-б.].

Бұл жырда батырлықтан гөрі, Наурызбай мен ғашығы туралы әңгіме басымырақ айтылады. Неге десеңіз? Жырдың сюжетінің өзі екі жастың махабатына қарай бағытталған сияқты. Мұнымен осы арада тек сүйіспеншілік қана айтылып, басқалай сипаты болмады дегеніміз емес. Десекте, сүйіспеншілік, бірін-бірі ұнату жағы басымдау. Хан Кенеге байланысты айтылатын тұстарына зер салайық. Онда қазақтың ескі ырымы бойынша Қаншайымға көз тиеді. Ол көз тию бұрыннан көшепділер, одан алдыңғы тарихта бар. Осы тұста Қаншайымға көлденеңнен келген көк аттының емес, өзінің қайынағасы Кенесарының көзі тиіп қайтыс болуы ерекше айтылған. Бұл жырдың айтпақ ойы, ханның бойында ерекше «назар», кей жерлерде халық арасында «мысы» бар депте айтылады. Демек – рас. Байқасаңыз бұл шындыққа ұқсас. Ол туралы ел арасында, аңыз болып айтылып кеткен әңгімелер жетерлік. Оқиға желісі жырдағы бас кейіпкердің бірі Наурызбайдың қайтыс болуымен аяқталады.

Осы мәтіннің аяғында Кенесарыға Қоқанның қазаққа жау екендігі турасында айтады. Тарихи деректерге көз жібертіп оқысаңыз, Хан Кене тұсында, қазаққа тыныштық бермей бір бүйірден шапқыншылық жасаған ол оңтүстіктегі көршілер еді. Ауылдарды шауып, мал-мүлікті айдап әкетіп, қиыншылық көрсеткенін тарихтан білеміз. Міне сондай озбырлыққа төзбеген ел өз бетінше қарсыласып бақты. Ол заманда жан-жақтан қыспақ көп еді. Бір шетінен патшалық ресей отарлау саясатын жүргізіп жатты. Біздің батыс-солтүстік аймақтарымызға ауыс сала бастады. Ішкі жағымыздан, өз-өзімізді жеп, билік пен мансапқа таласқандар көбейді. Би болуға, старшын, аға сұлтан болмаққа жан таласты. Осының бәрін көріп, біліп отырған Кенесары жастайынан атқа қонды. Негізгі тарихи уақытқа қарасаңыз 1841 жылдан бастан ресми таққа отырды деседі. Бар қазақтың рулары жиылып, Ұлытаудың бөктерінде ақ киізге хан көтерген. Бірақ, ел аузындағы тарихи әңгімелерге назар аударсақ. Онда ол ағасын өлтіріп, туыстарына зәбір көрсеткен қала берді, қазақтарды қыспаққа алған патша өкіметі наразы болған екен. Қарап тұрсаңыз ол хан көтеруге дейінде бірнеше қарсылықтар жасап жүрген. Жалпы қазақ халқының батыр ұлдары аз болмаған, ұлы дала талай ұлыны дүниеге әкелген.

Қазақ әдебиеті тарихы «фольклорлық кезеңі», I томында «Кенесары туралы тарихи шығармалар» деген бөлім бар. Бұл жерде Кенесары туралы барынша айтылған. Былай қарап тұрсаңыз барынша зерделенген сияқты. Мәтінге назар аударалық: «Кенесары – идеалды қаһарман, билік тізгінін мықтап ұстаған әмірші, күллі қазақты өзіне қаратқан хан. Оның қол астына атақты батырлар жиналған. Олар ханның ордасын – мемлекет орталығына айналдырған», – деп айтып келеді де, одан соң: «Кенесары жай ғана хан емес. Ол ел қамын жеген хан. Қазақ елінің еркіндігін, елдігін сақтауға күш салған әмірші. Жұтқа өз ойын ашық айтып, бостандыққа шақырған көшбасшы» [4, 588-б.].



Екі мәтіннің арасында ешқандай бір айырмашылық немесе тарихи оқиға көрініс бермейді. Бұл арада ұлт қозғалысының басшысы бірегей көсем жайында айтады. Нақтырақ баяндар болсақ, «Кенесары ханның» образын жұртқа мықты етіп көрсету. Мұнда халық тұл жетім емес екенін және елім, жерім деп ұрандататын арда ұлдарға кенде еместігі жайында мәлімет беріп тұр.

Жоғарыда айтылған мысалдардың ішінде Кенесарының тағы бір қыры жайында айттық. Оның батырлығы, тапқырлығы, айлакерлігі, көрегенділігі бір төбе. Сонымен қатар онда үлкен фольклорлық қасиет болған. Онда:

«Кенесары – идеалды кейіпкер болғандықтан оның бойында тағы бір ерекше қасиет бар. Ол – оның кереметтігі, көзінің магиясы. Ол сұқтанып, қатты мән бере қараса, көз тиеді, сөйтіп, оның назарына ұшыраған адам жарық дүниемен қоштасады. Осы халге Ханшайым сұлу ұшырайды». Бұл жерде назар салып қарасаңыз фольклордағы «көз тию» яғни магия көрініс береді [4,591-б.].

Демек, «Кенесары тегін адам емес», - деген сөз.

Тарих жағынан қарастырсақ. Профессор М. Қойгелдиевтің Уақыт тезінен өткен жыр (Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанының тарихи негізі жөнінде мақаласына көзіміз түсті. Бұнда XIX ғасырдағы Кенесары ханның ұлт үшін жасаған ерлігі мен қиян кесті ұрыстарын жазады. Оның қалайша ел арасында жырға айналғанын айтады. Яғни Нысанбай жыраудың жырлағанына тоқталады. Онда:

«Ел арасында Нысанбай жыраудың Кенесары ханның қолына қосылуына байланысты мынадай бір әңгіме сақталған. Кенесары қолы Сырдың бойындағы Жалағаш өңіріне ат басын бұрады. Жергілікті халық хан мен оның оның қосынын үлкен құрметпен қарсы алып, түрлі шаралар өткізеді. Сол өткізілген шаралардың бірі қонақтардың алдына келіп алпысқа жуық ақын-жыраулардың өз өнерлері арқылы ел тілегін білдіруі еді. Сыр бойы жыраулық өнердің үлкен тамыр жайған өңірі. Бірнеше күн бойы жыраулардың өнерін тамашалаған Кене хан олардың арасынан жырын қобызымен айтқан арқалы Нысанбай жырауды ұнатып, өз қолымен бірге ала кетеді. Біздің түсінігімізше, жырау хан қосынына оның Жетісуға бет алған кезеңінде қосылған болу керек. Өйткені, оның шығармашылығы да басым түрде Кене хан тарихының осы кезеңін ғана баяндайды» [5, 1-б.].

Міне бұл тарихи деректерге қарағанда Нысанбай жыраудың Кенесарыны дәріптеуі осындай таныстықтан, достыққа ұласқан деп қарауға болады. Одан кейін өзімен бірге Жетісуға алып кетуі де, біраз дүниені аңғартады. Бұл дегеніміз, сенімді серіктерінің біріне айналды дегенмен парпар.

«Жырау Кенесары мен Наурызбайға байланысты баянын ә, дегенде-ақ Абылай хан ұрпағының саяси ұстанымына байланысты өз көзқарасын білдіруден бастайды. Бұл әулетті ол қазақтың жері мен елінің тұтастығы және тәуелсіздігі жолында жан алып, жан беріскен әулет болғандығы үшін, құрмет тұтатындығын анық білдіреді. Жыраудың түсінігінде Кенесары сияқты мемлекетшіл тұлға ел қорғаны, ал оның қызметі ұлттық мемлекеттілікке ұмтылыстың көрінісі. Кене хан халыққа ие билеушілер қатарында, сондықтан да қамқоршы болар ханы жоқ елді жырау «шегірткеге таланған қырғауылға» немесе «жапалақтан сескенген жалғыз қазға» теңейді»[5, 1-б.].

Тарихшы ғалым, М. Қойгелдиев осы мақаласында жырды тарихи шындық тұрғысынан дәлелдеуге тырысты деп айтуымызға толық негіз бар. Неге десеңіз? Өйткені, мұнда тарихи фактілер көптеп баяндалады. XIX ғасырда Кенесары қол жиынамақ мақсатпен қазақ даласының түпкір-түпкірін аралады. Міндетті түрде жүрген, барған, басып өткен аймақтарында белгілі батырлар мен көреген, білікті адамдарды жанына топтады. Біздер тарихи деректерден, Сыр бойы қазақтарыда қазақтың соңғы ханына барынша қолдан келгенінше көмегін жасағанын білеміз.

Сонымен қатар, зерттеуші Р.С. Кареновтың Нысанбай жырау – «Кенесары-Наурызбай» дастанының туындыгері, қазақ тарихының аса көрнекті тұлғаларының бірі атты мақаласын мәлімет ретінде қосуды жөн санадық. Онда:

«Нысанбай жырау Кенесары әскері жеңіліске ұшыраған тұста Кенесары Наурызбаймен бірге жау қолына түседі. Бұл оқиға туралы орыс зерттеушісі Я.Палферов былай деп баяндаған: «Кенет шатқал тыныштығын домбыра үні бұзды, оған қоса «е..е..Алла...» деп алып басталған қайғылы, жан түршіктірер, Нысанбайдың сол жерде шығарған жоқтау өлеңі басталды:

Еркін жел бүгін тынықсын,  
Ақындар әнін ұмытсын.  
Ерке ұлын іздеп жоқтаған,  
Туған жер зары естілсін.  
От тиген қалың ағаштай,  
Жалындап кетті-ау, Кенекем.

Жоқтау ұзақ, қайғылы түрде айтылып, шатқал-шатқалды, сай-сайды қуалап, кең далаға Кенесары батырдың өлімін естіртіп кете барады. Зар жылаған домбыра үні барлық дүниені булықтырады. Тыңдаушылардың кара торы жүзін жас жуды, кейде олар өксіп-өксіп қояды. Бүкіл табиғат осы жұбатуға болмайтын әнмен бірге жылап тұрған сияқты» [6].

Мәтіннің сюжеті бойынша, Нысанбай жырау Кенесары мен Наурызбайдың жау қолына түсіп қалғандығын жырлап бастайды. Жырдың соңында фольклор ғылымындағы «жоқтау» жанрын көрініс табады. Бұнда Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» жырындағы жоқтауы ең әйгілі һәм осы күнге дейін ел есінде сақталған ескі версиясы деуге болатындай.

«Фольклордағы Кенесары – халықтың «әділ де, мінсіз патша» туалы образы. Оның бойында ханда болуға тиісті ізгілікті қасиеттің бәрі жинақталған, халық қиялындағы, ел арманындағы ханның бейнесі көрініс тапқан» [7, 277-б.].

Осы «тәуелсіздік және фольклор» кітабында Хан Кененің батырлық пен елжандылық бейнесін ашып көрсетеді. Негізі біздің түсінігімізде, жалпы фольклорда болсын не тарихи деректерде болсын соңғы ханымыз туралы біраз тарихи дерек бар. Бір таңғаларлық дүние нақты деректер бойынша да, фольклордағы сюжеттік мәтіндер бойынша оқиға желісі бір. Аса бір тарихи шындық пен фольклорлық мәтіндерде бір-біріне қарсы келетін тұстары жоқ.

Бұл арада Академик, фольклортанушы С. Қасқабасов пен тарихшы М. Қойгелдиевтің айтпақ ойы бір екендігі. Ол ой қандай? Әрине екі ғалымның зерттеу нысаны қиял ғажайыптан шыққан кейіпкер емес, керсінше өмірде болған реалды тұлға. Аталған жер-су аттары да шынайы өмірде бар. Факт. Жырдағы айтылған оқиғаларда, көтерілістерде, шапқыншылықтарда тарихта болған. Демек, бұл арада бірғана айырмашылық бар. Мазмұн – бір. Бірақ ғалымдардың әрқайысы өз саласы бойынша зерттеу объектісі екі түрлі қарастырады. Бірінің қарастырып отырған бағыты – Фольклор. Екіншісі – тарихи бағыт ұстанған. Қайталап айта кетейік сала сан түрлі болғанмен, тарихи шындық біреу ғана.

### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда, қазақ халқы өзінің бай тарихымен мәдениетімен, салт-дәстүрімен, этнографиялық бай мұрасымен ерекшеленіп, ол қазіргі кезге дейін өзінің қаймағын бұзбай келеді. Соның ішінде Қазақстандағы қазақтың да өзіндік тарихы қалыптасты. «Кенесары-Наурызбай» жырын зерттей келе көптеген дүниелермен таныс болдық. Біразын қарадық, оқыдық. Дегенмен, алда әліде зерттейтін материалдар көп. Сонымен қатар, ел үшін етегінен қан кешкен дара тұлғалар үшін, ХІХ ғасыр арпалыс һәм жанталас ғасыры болғаны анық. Жан-жақтан анталаған жау. Шалт кетсең, шап берейін деп тұр. Біздің ешкіммен бөлісе алмайтын еншіміз болған емес. Әйткенмен, кең даланы көре алмай, ел ішіне алауыздық тудырғысы келетіндер аз болмады. Қазақ халқының бар болуы, немесе жоқ боп кету қаупі туғанда, біздің ерлер қарап жатпады. Ақ білектің күші мен ақ найза ұшымен ұлан ғайыр атырапты аман сақтап қалды. Түнде ұйқы көрмеді, күндіз күлмеді. Жоғарыда біраз тарихты көрсетуге тырыстық. Онда батырлардың ерлігі мен оны халыққа паш ете

білген жырауларды да ғылыми мақаламызға тұздық еттік. Өйткені, сол жыраулар арқасында, бүгінгі ұрпақ өз ата-бабалары туған ел үшін аянбай ерлікпен тер төккенін білуде. Міне мақаланың негізгі айтпақ ойыда, қортындыламақ тұжырымыда, жырдың шынайы өмірде болғанын айтып жеткізу болатын. Біздер тарихи шындықтың бір парасын ғана айттық.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә – Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.
2. Қабылдинов З.Е. Кенесары Қасымұлы – биыл 215 жылдығы аталып өтуге тиіс «Қазақтың ұлттық батыры» ... // gazaguni.kz (қаралған күні - 22.03.2019)
3. Қазақ фольклоры / Қасқабасов С.А., Аймұхамбет Ж.Ә. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Астана: ..., 2016. - 284 б.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. I том. Қазақ фольклорының тарихы. - Алматы: ҚазАқпарат баспасы, 2008. – 812 б.
5. Қойгелдиев М. Уақыт тезінен өткен жыр (Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанының тарихи негізі жөнінде... // E-history.kz веб-портал (қаралған күні - 11.04.2019)
6. Каренов Р.С. Нысанбай жырау – «Кенесары-Наурызбай» дастанының туындыгері, қазақ тарихының аса көрнекті тұлғаларының бірі...https // Articlekz.com
7. Тәуелсіздік және фольклор. – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының баспасы, 2012. - 400 б.

### Referenses

1. N. Nazarbaev – Tarih tolkynynda. – Almaty: Atamura, 2003. – 288 b.
2. Kabyldinov. Z.E. K.Kasymuly – Kazaktyn ulltyk batyry ... // gazaguni.kz (qaralghan kyni - 22.03.2019)
3. Kazak folklor. Kaskabasov S.A., Aimukhamed J.A. - Astana, 2016. - 284 b.
4. Kazak adebieti tarihy. 10 tomdyk.1 tom.Kazak folklorynyn tarihy0. - Almaty: KazAkparat baspasy, 2008. – 812 b7
5. M. Koigeldiev. Uakyt tezinen otken jyr(Nysanbai jyraudin "Kenesary-Nauryzbay") ... // dastanynyn tarihi negizi joninde E-history.kz (qaralghan kyni - 11.04.2019)
6. Karenov RS Nysanbai zhyrau - "Kenesary-Nauryzbay", dastany tuyndygeri, ... // https // Articlekz.com
7. Taelisizdik jane folklore. – Almaty: «Til» oku-adistemelik ortalygynyn baspasy, 2012. - 400 b.

## МАЗМҰНЫ

<b>Алпысбаева Қ.Б., Оралбек А.</b> ЕР САЙЫН ЖЫРЫНЫҢ ЖИНАЛУ ТАРИХЫ.....	5
<b>Альжаппарова Б.К.</b> ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ ТАРИХЫНАН (1920-ЖЖ. АЯҒЫ – 1930 ЖЖ. БАСЫ.).....	13
<b>Альжаппарова Б.К.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ПРОДРАЗВЕРСТКАЛАР» САЯСАТТЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛДАРЛАРЫ (1918-1921).....	24
<b>Әділжанов Н.Б.</b> Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚОҒАМ НЕГІЗІН САЛУДАҒЫ РӨЛІ..	32
<b>Әминов Т.</b> ДӘУЛЕТКЕРЕЙ ШЫҒАЙҰЛЫ (1820–1877) – КҮЙШІ, ДАРЫНДЫ КОМПОЗИТОР, ҰЛТТЫҚ КҮЙ ӨНЕРІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫЛАРЫНЫҢ БІРІ.....	41
<b>Әпендиев Т.Ә., Қоңқабаева А.Н.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚТАР: ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ.....	56
<b>Базарбаева Ғ.А., Жұмабекова Ғ.С.</b> БАҚСЫ, АБЫЗ, ХАНШАЙЫМ? (Сақ дәуірі әйелінің мәртебесін зерттеу).....	68
<b>Далаева Т.Т.</b> МАРАПАТТАУДАН ШЕН АЛУҒА ДЕЙІН: РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНДА ҚАЗАҚТАРДЫҢ ӘСКЕРИ ШЕН АЛУ МЕХАНИЗМІ (ХІХ Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	76
<b>Жансүгірова Л.Б., Қағыбатқызы Н., Самашев З.С., Бекманов Б.О.</b> ЕЛЕКЕ САЗЫ ҚОРЫМЫНАН ТАБЫЛҒАН ЕРТЕ КЕЗЕҢГЕ ЖАТАТЫН СҮЙЕК ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ГАПЛОТОПТАРЫН АНЫҚТАУ.....	86
<b>Еришева Т.А.</b> АТАТҮРІК БИЛІГІ КЕЗІНДЕГІ ТҮРКИЯДАҒЫ ЖӘНЕ ПОСТКЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХИ ЖАДЫ МЕН ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУЛАР САБАҚТАСТЫҒЫ.....	94
<b>Жайлыбаев Д.Ж.</b> ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНАН СОЛТҮСТІККЕ ҚОНЫС АУДАРУ ҮРДІСТЕРІ.....	100
<b>Жолдыбаев О.М.</b> КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ: ТАРИХЫ МЕН ФОЛЬКЛОРЫ.....	105
<b>Жуманова А.З.</b> XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ТІЛ САЯСАТЫ.....	112
<b>Кабдушев Б.Ж.</b> НҰРМАҚОВ - ТҮРКСІБКЕ ҚОЛДАУ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ.....	123
<b>Камалов А.К., Ужкенов Е.М.</b> ТАҢДАУ ЖӘНЕ ТАРИХ (А.А. Галиевтің 60 жылдығына орай).....	132
<b>Мұхитов Қ.</b> КАСПИЙ ҚҰБЫР КОНСОРЦИУМЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ.....	138
<b>Мырзабекова Р.С.</b> АЛҒАШҚЫ УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	145
<b>Мырзабекова Р.С.</b> ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЕУРОПА МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ҚАЛАНЫҢ ОРНЫ.....	154
<b>Мырзатаева З.Б.</b> ҚАРАТАУДЫ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫНАН. ХVІІІ – ХІХ ҒҒ.....	161
<b>Ноғайбаева М.С., Тоқсанбаев А.К.</b> КӨШПЕЛІ ҚОҒАМДАҒЫ БИЛЕУШІ БЕЙНЕСІНІҢ АҢЫЗ-ЕРТЕГІЛЕРДЕГІ КӨРІНІСІ.....	174
<b>Опабекова Ғ.П.</b> АХМЕД ЙҮГНЕКИДІҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ.....	181

<b>Ошан Ж.</b>	
ТҮМЕН, МӨДЕ БАСТАҒАН ҒҰН ШАНЬЮЙЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕРДІ ЗЕРТТЕУДЕ КӨҢІЛ БӨЛЕТІН ТҮЙТКІЛДЕР.....	189
<b>Сәкен С.И.</b>	
ЕДІГЕ ТУРАЛЫ ЖЫР-АҢЫЗДАР ЖӘНЕ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ.....	193
<b>Тасилова Н.А., Жаппасов Ж.Е.</b>	
ТӘУЕКЕЛ ХАННЫҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРЫС ЕЛІ АРАСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫ НЫҒАЙТУДАҒЫ РӨЛІ.....	206
<b>Төлеубаев Ә.Т.</b>	
ГЕРАДОТТЫҢ СКИФТЕР ЖӨНІНДЕГІ ЕҢБЕГІ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН КЕЙБІР ТАРИХИ-МӘДЕНИ ТҰЖЫРЫМДАР МЕН МӘДЕНИ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ ПАРАЛЛЕЛДЕР.....	217
<b>Төлеубаев Ә.Т.</b>	
САҚ-СКИФТЕР МЕН ҚАЗАҚТАРДЫҢ МӘЙІТТІ ЖЕРЛЕУ ЖӘНЕ ЖӨНЕЛТУ РӘСІМДЕРІНДЕГІ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ.....	226
<b>Шілдебай С.Қ.</b>	
ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ОСПАН БАТЫР.....	238
<b>Шілдебай С.Қ.</b>	
ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....	247

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Алпысбаева Қ.Б., Оралбек А.</b> ИСТОРИЯ СОБИРАНИЯ ЭПОСА «ЕР САЙЫН».....	5
<b>Альжаппарова Б.К.</b> ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ ТАРИХЫНАН (1920-ЖЖ. АЯҒЫ – 1930 ЖЖ. БАСЫ.).....	13
<b>Альжаппарова Б.К.</b> СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ РЕАЛИЗАЦИИ ПОЛИТИКИ «ПРОДРАЗВЕРСТОК» В КАЗАХСТАНЕ (1918-1921 гг.).....	24
<b>Адилжанов Н.Б.</b> РОЛЬ Н.А. НАЗАРБАЕВА В ОСНОВАНИИ КАЗАХСТАНСКОГО ДЕМОКРАТИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА.....	32
<b>Аминов Т.</b> ДАУЛЕТКЕРЕЙ ШЫҒАЙУЛЫ (1820–1877) – ЗНАМЕНИТЫЙ КАЗАХСКИЙ КЮЙШИ, ТАЛАНТЛИВЫЙ КОМПОЗИТОР, ОДИН ИЗ ОСНОВОПОЛОЖНИКОВ НАЦИОНАЛЬНОГО ИСКУССТВА ИСПОЛНЕНИЯ КЮЕВ.....	41
<b>Апендиев Т.А., Конкабаева А.Н.</b> ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА КАРАКАЛПАКОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	56
<b>Базарбаева Ғ.А., Жұмабекова Г.С.</b> ШАМАНКА, ЖРИЦА, ПРИНЦЕССА? (К изучению статуса женщины сакской эпохи).....	68
<b>Далаева Т.Т.</b> ОТ ПОЖАЛОВАНИЯ К ПРОИЗВОДСТВУ: МЕХАНИЗМ ПОЛУЧЕНИЯ ВОЕННОГО ЧИНА КАЗАХАМИ В РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ (ПЕРВ. ПОЛ. XIX В.).....	76
<b>Джансугурова Л.Б., Кагыбаткызы Н., Самашев З.С., Бекманов Б.О.</b> АНАЛИЗ ОТЦОВСКИХ И МАТЕРИНСКИХ ЛИНИЙ ДРЕВНИХ ОБЪЕКТОВ ИЗ НЕКРОПОЛЯ ЕЛЕКЕ САЗЫ.....	86
<b>Еришева Т.А.</b> ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ РЕФОРМ, НАПРАВЛЕННЫХ НА МОДЕРНИЗАЦИЮ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ И НАЦИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ В ТУРЦИИ В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ АТАТЮРКА И ПОСТСОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ.....	94
<b>Жайлыбаев Д.Ж.</b> ПРОЦЕССЫ ПЕРЕСЕЛЕНИЯ ИЗ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ НА СЕВЕР.....	100
<b>Жолдыбаев О.М.</b> ИСТОРИЯ И ФОЛЬКЛОР ОБ ЭПОСЕ «КЕНЕСАРЫ – НАУРЫЗБАЙ».....	105
<b>Жуманова А.З.</b> ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА.....	112
<b>Кабдушев Б.Ж.</b> НЫГМЕТ НУРМАКОВ - ПРЕДСЕДАТЕЛЬ КОМИТЕТА ПО СОДЕЙСТВИЮ СТРОИТЕЛЬСТВУ ТУРКСИБА.....	123
<b>Камалов А.К., Ужкенов Е.М.</b> ЗНАК И ИСТОРИЯ (К 60-ЛЕТИЮ А.А. ГАЛИЕВА).....	132
<b>Мухитов К.</b> ИСТОРИЯ СТРОИТЕЛЬСТВА КТК.....	138
<b>Мырзабекова Р.С.</b> ВОЗНИКНОВЕНИЕ ПЕРВЫХ УНИВЕРСИТЕТОВ В ЕВРОПЕ И ЕГО ОСОБЕННОСТИ.....	145
<b>Мырзабекова Р.С.</b> РОЛЬ ГОРОДА В СРЕДНЕВЕКОВОЙ ЕВРОПЕЙСКОЙ КУЛЬТУРЕ.....	154

<b>Мырзатаева З.Б.</b>	
ИСТОРИЯ ГЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ КАРАТАУ. XVIII – XIX вв.....	161
<b>Ногайбаева М.С., Токсанбаев А.К.</b>	
ОБРАЗ ПРАВИТЕЛЯ В ЛЕГЕНДАХ И СКАЗКАХ В КОЧЕВОМ ОБЩЕСТВЕ.....	174
<b>Опабекова Г.П.</b>	
МИРОВОЗЗРЕНИЕ АХМЕДА ЙҮГНЕКИ.....	181
<b>Ошан Ж.</b>	
ГЛАВНЫЕ ВОПРОСЫ В ИССЛЕДОВАНИИ ТЕКСТОЛОГИИ КАСАЮЩИХСЯ ИСТОЧНИКОВ О ТОУМАНЬ, МОДЭ И ДРУГИХ ГУННСКИХ ШАНЬЮ.....	189
<b>Сакен С.И.</b>	
ПОЭМЫ О ЕДИГЕ-ЛЕГЕНДЫ И ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРАВДА.....	193
<b>Тасилова Н.А., Жаппасов Ж.Е.</b>	
РОЛЬ ТАУЕКЕЛ ХАНА В УКРЕПЛЕНИИ ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ КАЗАХСКИМ ХАНСТВОМ И РУССКИМ ГОСУДАРСТВОМ.....	206
<b>Толеубаев А.Т.</b>	
НЕКОТОРЫЕ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЕ ВЫВОДЫ И КУЛЬТУРОГЕНЕТИЧЕСКИЕ ПАРАЛЛЕЛИ ПО ГЕРОДОТОВЫМ РАССКАЗАМ О СКИФАХ.....	217
<b>Толеубаев А.Т.</b>	
САКО-СКИФСКИЕ И КАЗАХСКИЕ ПАРАЛЛЕЛИ В ПОХОРОННО-ПОМИНАЛЬНЫХ ОБЫЧАЯХ...	226
<b>Шилдебай С.К.</b>	
ВОСТОЧНО-ТУРКЕСТАНСКАЯ РЕСПУБЛИКА И ОСПАН БАТЫР.....	238
<b>Шилдебай С.К.</b>	
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ТУРАРА РЫСКУЛОВА В КАЗАХСТАНЕ.....	247

## CONTENTS

<b>Alpysbaeva K.B., Oralbek A.</b> HISTORY OF COLLECTING THE VERSIONS OF "YER SAIYN" EPIC.....	5
<b>Alzhapparova B.K.</b> SOCIO-ECONOMIC CONSEQUENCES OF THE SURPLUS-APPROPRIATION SYSTEM IMPLEMENTATION IN KAZAKHSTAN (1918-1921).....	13
<b>Alzhapparova B.K.</b> SOCIO-ECONOMIC CONSEQUENCES OF THE SURPLUS-APPROPRIATION SYSTEM IMPLEMENTATION IN KAZAKHSTAN (1918-1921).....	24
<b>Adilzhanov N.B.</b> THE ROLE OF N.A. NAZARBAYEV IN THE FOUNDATION OF THE KAZAKHSTANI DEMOCRATIC SOCIETY.....	32
<b>Aminov T.</b> DUULETKERY SHYGAYULY (1820–1877) – THE FAMOUS KAZAKH KÜYŞİ, TALENTED COMPOSER, ONE OF THE FOUNDERS OF NATIONAL KÜYARTS.....	41
<b>Apendiyev T., Konkabayeva A.</b> KARAKALPAKS IN KAZAKHSTAN: HISTORY AND CULTURE.....	56
<b>Bazarbayeva G.A., Jumabekova G.S.</b> SHAMANESS, PRIESTESS, PRINCESS? (ON THE STUDIES OF THE STATUS OF WOMEN IN THE SAKA ERA).....	68
<b>Dalayeva T.T.</b> FROM GRANTING THE RANK TO PROMOTION: MECHANISM OF MILITARY RANK OBTAINING BY KAZAKHS IN THE RUSSIAN EMPIRE (1-ST HALF OF THE XIX CENTURY).....	76
<b>Djansugurova L., Kahbatkyzy N., Samashev Z., Bekmanov B.</b> THE ANALYSIS OF PATERNAL AND MATERNAL LINES OF ANCIENT OBJECTS FROM ELEKE SAZY NECROPOLIS.....	86
<b>Yerisheva T.A.</b> THE CONTINUITY OF REFORMS AIMED AT MODERNIZATION OF HISTORICAL MEMORY AND NATIONAL CONSCIOUSNESS IN TURKEY DURING THE REIGN OF ATATURK AND POST-SOVIET KAZAKHSTAN.....	94
<b>Zhailybayev D.</b> THE PROCESSES OF RESETTLEMENT FROM TURKESTAN REGION TO THE NORTH.....	100
<b>Zholdybayev O.M.</b> “KENESSARY-NAURYZBAY”: HISTORY AND FOLCLORE.....	105
<b>Zhumanova A.</b> LANGUAGE POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT IN THE FIRST HALF OF THE XX CENTURY.....	112
<b>Kabdyshev B.Zh.</b> NYGMET NURMAKOV - CHAIRMAN OF THE COMMITTEE FOR THE ASSISTANCE OF TURKSIB CONSTRUCTION.....	123
<b>Kamalov A.K., Uzhkenov E.M.</b> SIGN AND HISTORY (to the 60th anniversary of A.A. Galiyev).....	132
<b>Mukhitov K.</b> THE HISTORY OF THE CASPIAN PIPELINE CONSORTIUM CONSTRUCTION.....	138
<b>Myrzabekova R.S.</b> EMERGENCE OF FIRST UNIVERSITIES IN EUROPE AND ITS PECULIARITIES.....	145



<b>Myrzabekova R.S.</b> ROLE OF THE CITY IN MEDIEVAL EUROPEAN CULTURE.....	154
<b>Myrzatayeva Z.B.</b> HISTORY OF GEOLOGICAL RESEARCH OF KARATAU. XVIII – XIX.....	161
<b>Nogaybaeva M.S., Toksanbaev A.K.</b> THE IMAGE OF GOVERNOR IN TALES AND LEGENDS IN NOMADIC SOCIETY.....	174
<b>Opabekova G.P.</b> THE WORLD OUTLOOK OF AHMED IUGNEKI.....	181
<b>Oshan Zh.</b> MAJOR ISSUES IN RESEARCH OF TEXTOLOGY CONCERNING THE SOURCES ABOUT TUMAN, MODE AND OTHER HUNG SHANU.....	189
<b>Saken S.I.</b> THE POEM ABOUT EDDIE-LEGENDS AND HISTORICAL TRUTH.....	193
<b>Tasilova N.A., Zhappasov Zh.E.</b> THE ROLE OF KHAN'S TOWEKEL IN STRENGTHENING DIPLOMATIC RELATIONS BETWEEN THE KAZAKH KHANISM AND THE RUSSIAN STATE.....	206
<b>Toleubayev A.T.</b> THE HISTORICAL AND CULTURAL CONCEPTS AND CULTURAL-GENETIC PARALLELS ACCORDING TO GERDOT'S RESEARCHES ABOUT SCYTHIAN.....	217
<b>Toleubayev A.T.</b> THE SIMILARITIES OF THE SAKA-SCYTHIANS AND KAZAKHS IN BURIAL AND FUNERAL PROCEDURES.....	226
<b>Shildebay S.</b> EASTERN TURKESTAN REPUBLIC AND OSPAN BATYR.....	238
<b>Shildebay S.</b> THE ACTIVITIES OF TOURAR RYSKULOV IN KAZAKHSTAN.....	247

## **EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми журналы 2019. 3(19)

*Бас редактор:*  
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*  
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.09.2019.  
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*  
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*  
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru).  
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:  
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй